

Комитет БКМ қолдану тәртібіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, Комитет деректерді тіркеу және (немесе) ФДО серверіне беру функциясы бар БКМ деректерді берудің жаңа хаттамасын, 2.0.3 нұсқасын (бұдан әрі-2.0.3 нұсқасының ХАТТАМАСЫ) әзірледі.

Протокол Комитеттің ресми интернет-ресурсында 2025 жылғы 20 маусымда жарияланғанын хабарлайды.

2.0.3 нұсқасының хаттамасында БКМ-ді тауарлардың Ұлттық каталогына автоматты түрде қосуға және БКМ-нің нақты орналасқан жерін анықтайтын ФДО жағында геолокацияны анықтауға арналған сервис көзделген.

Осыған байланысты, 2025 жылғы 15 қазанға дейін аппараттық-бағдарламалық кешендер болып табылатын БКМ қолданатын салық төлеушілер 2.0.3 нұсқасының хаттамасына сәйкес БКМ функцияларын қайта бағдарламалауы қажет.

Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар электрондық құрылғы (темір кассалар) болып табылатын БКМ қолданатын салық төлеушілерге 2025 жылғы 15 қарашаға дейін қайта бағдарламалау жүргізу қажет.

БКМ қайта бағдарламалау үшін БКМ әзірлеушілеріне және БКМ техникалық қызмет көрсету орталықтарына жүгіну қажет.

Сонымен қатар, 2025 жылдың 17 қарашасынан бастап ФДО 2.0.2 нұсқасының хаттамасын өшіру жоспарланғанын хабарлаймыз.

Қызметтің жекелеген түрін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 88-бабы 6-тармағына сәйкес, салық органы салық төлеушіні жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асырушы ретінде тіркеуге қоюды үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады:

1. Хабарламаны тапсырған күннен бастап;
2. Лицензиялауға жататын қызмет түрлері бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен мәліметтер алынған күннен бастап.

Жеке қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарламалар <https://www.elicense.kz> сайты арқылы ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы №4 бұйрығымен бекітілген «Хабарламалардың нысандарын және мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы» қаулысының 1-қосымшасына сәйкес, хабарлама электрондық немесе қағаз түрінде жолданады.

Бұрын ҚР БАСЖ ақпараттық жүйесінде «[elicense.kz](https://www.elicense.kz)» жүйесімен толыққанды интеграция болмаған. Қазіргі уақытта СӘИЖ ақпараттық жүйесінде «[elicense.kz](https://www.elicense.kz)» жүйесімен деректер алмасуды автоматтандырылған түрде қамтамасыз ететін интеграция жүзеге асырылған. Аталған функционал осы жылдың сәуір айында, соның ішінде мекенжай тіркелімі кодының көмегімен енгізіледі.

Мәлімет ретінде хабарлаймыз:

Егер ИС АР анықтамалығында мекенжайдың тіркеу коды (бұдан әрі – МТК) жоқ болса, жылжымайтын мүлік иесі өтініш беруші ретінде объектінің мекенжай коды берілуі үшін сәулет және қала құрылысы бөлімдеріне жүгінуі тиіс немесе «электрондық үкімет» порталы арқылы мына сілтемеде өтініш бере алады: https://egov.kz/cms/ru/services/buy_sale/passP2203_mps

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

09.12.2025 ж., сағат 15:00-де, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Кеңсай а.о., Кеңсай а., Түсенов к-сі, 2 мекенжайында «KF ZS-65 65 «Омск-Майқапшағай» - «Жарсу-Бақасу-Саржыра-Кайнар» - «Омск-Майқапшағай» автомобиль жолының 31 км ұзындығын күту және жөндеу үшін қолданылатын Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында орналасқан «Зайсан-камень» учаскесінде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтірудің жұмыс жобасы» бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTp2oURvw5K5QzTmmVrQNi0TG.1>

Конференция идентификаторы: 677 493 52 75

Кіру коды: YZ1mBb

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «ОблШығыс-Жол» ЖШС, БСН: 080240021886. Мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Ертіс а.о., Прапорщиково а., Учетный квартал 064, 3.Тел: +77784929812, email: oblshygyszhol@mail.ru

Әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Көшек батыр к-сі, 165. Тел. +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган: «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7232) 25-75-46. Ресми интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> және электрондық мекенжайы g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz бойынша мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ мен ШЕШІМ

Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай және Үлкен Нарын аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3, 8, және 11-баптарына сәйкес, «Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізуге ұсыныс енгізу туралы» Катонқарағай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 27 тамыздағы №136 қаулысы мен Катонқарағай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 29 тамыздағы №29/329-VIII шешімінің, «Шығыс Қазақстан облысының Үлкен Нарын ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізуге ұсыныс енгізу туралы» бірлескен Үлкен Нарын ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қарашадағы №185 қаулысы мен Үлкен Нарын ауданы мәслихатының 2024 жылғы 29 қарашадағы №8/67-VIII шешімінің негізінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық

Мұраға қамқорлық — болашаққа аманат

Шығыс Қазақстан – ұлт тарихының, мәдениет пен руханияттың терең тамыры жатқан өлке. Бұл өңірде бүгінде 328 тарих және мәдениет ескерткіші мемлекет қорғауында. Олардың әрқайсысы – ел шежіресінің үнсіз куәсі, өткен мен бүгінді байланыстыратын рухани көпір. Жыл сайын облыстық бюджет есебінен тарихи мұраларды сақтау мен қалпына келтіруге ерекше көңіл бөлінеді. 2025 жылы атқарылған жұмыстар осы бағыттағы жүйелі еңбектің айғағы болды.

Биылғы мерейтойлық даталарға орай өңірде ұлт мақтаныштарына арналған бірқатар нысандар қайта жаңғыртылды. Тамыз айында Өскемен қаласындағы ұлы ақын, ұлт руханиятының шамшырағы Абай Құнанбайұлының монументі жаңаша келбетке енді. Сондай-ақ, аты аңызға айналған батыр, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының Күршім ауданындағы ескерткіші де толықтай қалпына келтіріліп, халық игілігіне қайта ұсынылды.

Ағымдағы жылы аймақтағы бес мәдени мұра нысанына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Солардың қатарында XX ғасырдың басындағы сәулет туындылары – Өскемен қаласындағы Халықтар Достығы Үйі мен Өнер мұражайы, сондай-ақ кеңестік монументалды классицизм үлгісіндегі Металлургтер мәдениет сарайы бар. Бұған қоса, Үлкен Нарындағы «Қаралы Ана» монументі де жаңарып, келер ұрпаққа аманат ретінде сақталды.

Барлық қалпына келтіру жұмыстары Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау туралы заңнамасына сәйкес, ескерткіштердің түпнұсқалық

құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Катонқарағай ауданы бойынша:

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Жамбыл ауылдық округінің Шұбарағаш ауылы таратылып, есепті деректерден шығарылсын және басқа қоныстар санатына жатқызылсын;

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Жамбыл ауылдық округі Шұбарағаш ауылының шекарасы өзгертіле отырып, Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Жамбыл ауылдық округі Жамбыл ауылының құрамына енгізілсін.

Үлкен Нарын ауданы бойынша:

Шығыс Қазақстан облысы Үлкен Нарын ауданы Новохайрузовка ауылдық округінің Құндызды ауылы таратылып, есепті деректерден шығарылсын және басқа қоныстар санатына жатқызылсын;

Шығыс Қазақстан облысы Үлкен Нарын ауданы Новохайрузовка ауылдық округі Құндызды ауылының шекарасы өзгертіле отырып, Шығыс Қазақстан облысы Үлкен Нарын ауданы Новохайрузовка ауылдық округі Новохайрузовка ауылының құрамына енгізілсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	Н. Сақтағанов
Облыстық мәслихаттың төрағасы	Д. Рыпаков



келбетін сақтау қағидаты негізінде жүргізілді. Әрбір деталь уәкілетті органдармен келісіліп, тарихқа құрмет пен дәлдік басты қағидаға айналды.

Мұраларды жаңғырту ісі мұнымен шектелмейді. 2026 жылы Алтай ауданындағы Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлерге арналған Даңқ мемориалы, сондай-ақ Өскемен қаласындағы «Жұлдыздарға» және «Қылыштан орақ құямыз» атты мүсіндік композициялар қалпына келтірілмек.

Тарих – өткеннің ізі ғана емес, ол – бүгінгінің рухани тірегі. Сондықтан облыста тарихи-мәдени мұраны сақтау ісі – уақыт алдындағы жауапкершілік, ұрпақ алдындағы аманат. Мамандардың кәсіби еңбегі мен жергілікті биліктің қолдауының арқасында өңірдің бай рухани мұрасы жаңғырып, мәдени кеңістіктің ажырамас бөлігі ретінде өміршеңдігін сақтап келеді.

ШҚО мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі мекемесі»

ЕСКЕ АЛУ

2025 жылдың 12 қарашасында біз үшін ең қымбат адам – анамыз, әжеміз **БАЙСАЛБАЕВА БИБІХАН БАЙСАДЫҚҚЫЗЫНЫҢ** дүниеден өткеніне 23 жыл болды.

Асыл апам, мейірімің — шексіз нұр, Бақшасында жәннеттің сен мәңгі жүр. Ізгілігің жүректе мәңгі қалды, Сағынамын сені әр таң, әрбір түн.

Еске алушылар: Балалары, немерелері, шөберелері

Балаларды терезеден құлаудан қалай қорғауға болады?

Жаз маусымы аяқталды, бірақ қауіп-қатер сақталады. Өкінішке орай, 2025 жылдың жаз айларында Өскемен қаласы бойынша көпқабатты үйлердің терезелерінен үш баланың құлауы тіркелген болатын.

Жыл бойы сақталуы тиіс қауіпсіздік ережелері:

Терезе ашық тұрған уақытта баланы ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.

Есіңізде болсын: москит торы баланы сақтап қалмайды.

Терезелерге арнайы бекіткіштер мен құлыптарды орнатыңыз.

Терезені тек жоғарғы жағынан немесе «саңылау» түрінде ашып желдетіңіз.

Терезе алдына бала шыға алмас үшін орындықты, үстелді және ойыншықтарды алып тастаңыз.

Балаларға кішкентай кезінен бастап терезе ойнайтын орын емес екенін түсіндіру қажет.

Өскемен қаласы төтенше жағдайлар басқармасы

Жылыту маусымы кезіндегі қауіпсіздік ережелері

От жағатын пештің алдындағы еденді ыстық шоқтан қорғау үшін металл қабат орнатыңыз (өлшемі 50x70 см-ден кем емес);

Жылыту пешінің түтін мұржасын жүйелі түрде тазартыңыз;

Жылыту пешін жағу үшін бензин, керосин немесе басқа да тез тұтанатын, жанғыш сұйықтықтарды қолданбаңыз;

От жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға немесе оны қарауды балаларға тапсырмаңыз;

Ұйықтар алдында үш сағат бұрын пешті жағуды тоқтатыңыз және пештің шамадан тыс қызып кетуіне жол бермеңіз;

Пештің үстіне дымқыл отын мен киімдерді кептірмеңіз;

Өрт болған жағдайда дереу 101 және 112 номеріне хабарласыңыз.

Өскемен қаласы төтенше жағдайлар басқармасы